

XX ғасырдың басында Президенттік басқарудағы мемлекеттердің әлемде санаулы болғандығын ескерсек, Алаш зиялыларының мемлекет басқару ісінде қаншама озық ойлы, тұрпатты, құқықтық мемлекет құрудың алғышарттарын жасағандықтарына көзіміз жетеді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тетіктер өркениетті елдердің озық тәжірибелерін пайдалана отырып, өтпелі кезеңнің ерекшеліктері мен саяси, ұлттық жағдайларға байланысты қалыптасып құрылды. Осыған қарай мемлекеттік тетіктің құрамында Президент ерекше орын алды. 1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан халқы Тұңғыш Президентін сайлады. Осыдан келіп қарасақ, Алаш қайраткерлерінің «мемлекеттің басшысы Президент» деп тұжырымдауын өмірдің өзі дәлелдеді [5, 104 б.].

Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын Алаш қайраткерлерінің Қазақ автономиясын құрып, тәуелсіз мемлекет идеясын туғызған өршіл рухын еліміздің көк туын желбіретуші Тұңғыш Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» дейді [1, 57 б.].

Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде іске асты.

Әдебиет тізімі

1. Назарбаев, Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 172-173 бб.
2. Нұрпейісов, К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995.
3. Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
4. Әбжанов, Х. Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы // «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2008. – 9 б.
5. Абжанов, Х.М., Гуревич, Л.Я. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность. – Алматы, 1992.

*Исенов, Ө.И.,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Анасова, А.Б.,
аға оқытушысы, тарих магистрі
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деген болатын [1].

Алаш зиялыларының өмірі мен қоғамдық саяси-қызметтерінің тарихы бүгінгі таңда өзекті мәселелер қатарында екендігі күмән тудырмайды. Кеңестік дәуірде Алаш

зиялыларының мұраларын зерттеуге мүлдем тыйым салынды. Себебі, тарихты жасаушылар бұқара халық деген ұстанымның негізінде алаштық жеке тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметтері зерттеу нысанына алынбады. Олардың барлығына халық жауы деген негізсіз айптаулар тағылған болатын. Сол себепті, көптеген қоғам қайраткерлері мен ғалымдарымыз қуғынға ұшырап, есімдері көпке дейін тарихымызға белгісіз болып келді. Ол кезде қазақ зиялыларының революциялық және қоғамдық қызметтеріне ғана назар аударып келді және біржақты көзқараспен жазылды. Ал заман ағымы болса маркстік-лениндік және басқа да біржақты әдіснаманың тар өрістілігін ескере келе, тарихилық, ақиқат өлшемін басшылыққа ала отырып ұлт тарихын әділ жазуға мүмкіндік берді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «1917 жылғы 17 сәуірде құрамында Н.Н. Щепкин, Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, С.Н. Мақсұтов, В.С. Ельпатьяевский, А.Л. Липовский, О.А. Шкапский, П.В. Преображенский, А.А. Дәулетшин бар Түркістан комитетін құрды (Түркістан комитеті бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығының аумағын басқару үшін Уақытша үкімет тағайындаған орган). Осының сыртында «Алашорда» көсемдерін Уақытша үкімет әр мерзімде Торғай облыстық комиссарлығына (Ә. Бөкейханов), Семей облыстық комиссарлығына (М. Тынышбаев) және басқа басшы қызметтерге тағайындады. Саяси көзқарасы жөнінен эсер-кадет блогына жанасатын қазақ зиялы қауымының өкілдері тұңғыш рет Қазақстанды басқару органдарының құрамына кірді. Сөйтіп, өлкенің саяси өміріндегі Алаш Қозғалысының ұстанған жолы мойындалды [2], – деп жазды.

Профессор С.Ф. Мажитов өзінің «Алаш қозғалысы: үміт және ұлттық мүдде» атты ғылыми мақаласында: «Қазақ халқының патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы үздіксіз жүргізген ұлт-азаттық күресіндегі ең маңызды кезеңдерінің бірі ХХ ғасырдың басында бастау алған Алаш қозғалысы болып табылады. Болашақ тарихы күрделі оқиға қазақ халқының ұлт-азаттық күресін жаңа сапалық деңгейге көтеріп, қазақтың біртуар азаматтарын танытып, тарих сахнасына шығарды деп жазды [3, 5 б.].

Алаш қайраткерлерінің тарихы Орталық Азия жылнамасында – қазақ ұлтының ынтымақтасуының революцияға дейінгі және революциядан кейінгі аласапыран кезеңдегі тарихын қалпына келтіруде басты орынды алады» [3, 6 б.] – деген баға береді.

Осыған байланысты алғашқылардың бірі болып, ғұмырын Ұлттық Ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен байланыстырған белгілі алаштанушы ғалым – Кеңес Нұрпейісұлы ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихын, 1917 жылғы ақпан және қазан революциялар мен Алаш жетекшілік еткен Қазақ автономиясының тарихын объективтік тұрғыдан зерттеу мәселесін көтерді. Академик Кеңес Нұрпейісұлы 1995 жылы «Алаш һәм Алашорда» монографиясын жариялап қалың жұршылықтың рухани игілігіне айналдырды. Ол өзінің зерттеу жұмысында сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған жазықсыз ұлт зиялыларының тағдырын көпшілікке танытты.

Осы еңбегінде Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің тарихына байланысты Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметтері нақтылы деректер мен оқиғалар негізінде зерттелген. Мұнда ең алдымен осы тақырыптың бір-бірімен тығыз байланысты үш қыры қарастырылған. Олар: саяси партия ретіндегі Алаштың тарих сахнасына шығуы және оның бағдарламалық мақсат-міндеттері. Бұл-бір. Екіншіден, мемлекеттік құрылым ретіндегі Алаш автономиясының ұйымдастырылу қызметі. Үшіншіден, осы автономияны басқару үшін құрылған үкіметтің – Алашорданың іс-әрекеттері, оның таратылу мәселелері сараланған [4, 76 б.].

Еңбек ғылыми айналымға жаңадан қосылған түпнұсқалық мәні бар деректерге толы маңызды зерттеу жұмысы болып табылды. Бұл еңбекте Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің тарихына байланысты нақтылы оқиғалар зерттелген. Алаш қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі, Алаш партиясы программасының жобасы және Алаш қозғалысы жетекшілерінің көзқарас эволюциясы мен Кеңес өкіметі жылдарындағы тағдырына байланысты кейбір құжаттар қарастырылады. Алаш қозғалысы тарихы 60 жылдан

астам ресми өкімет тарапынан тыйым салынған тарихымыздың «ақтаңдақ беттері» болып келгендіктен зерттеушілер Алаш пен алашордаға жаңа көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік алды [4, 77 б.]. Ғалымның пікірінше: «... бұл қозғалыс - өзінің алдына қойған мақсаттары мен оларды жүзеге асыру әрекеттеріне қарай бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Олар, біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш (қазақ) автономиясы, екіншіден мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш (қазақ) автономиясы, үшіншіден, осы автономияны басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы немесе Алашорда қозғалысы деген ұғымды бейнелейді» [4, 86 б.] деген болатын.

Алаштанушы Кеңес Нұрпейісұлы Алаш және Алашорда тарихының зерттелуі жайында: «Алаш (Алашорда) қозғалысы деген ұғым жиырмамыншы-отызыншы жылдардағы ғылыми және саяси әдебиетте қалыптасты. Қазіргі оқырман, әсіресе, ол жылдардан кейін дүниеге келген ұрпақ Алаш туралы жете білмейді, біле қойған күнде онысы шындықтан алысырақ. Жағдайдың бұлай қалыптасуының өзіндік себептері болды. Жиырмамыншы жылдардан бастап, әсіресе, 1928-1930 жылдары орын алған бұрынғы Алаш партиясы мен оның қозғалысының жетекшілеріне қарсы ұйымдастырылған алғашқы саяси сот процестерінен кейін, бұл тақырыпты нақтылы тарихи тұрғыдан зерттеуге ресми түрде тыйым салынды. Бірінші процестің барысында 47 адам тергеуге алынып, ОГПУ-дің сот алқасының 1930 жылғы 4-сәуірдегі үкімімен 35 адамға әр түрлі жаза кесілді. Атап айтқанда, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы бастаған он адам әуелде өлім жазасына бұйырылып, кейін ол үкім он жылдық мерзімге жазалау лагерінде отырумен алмастырылады. 1932 жылғы екінші сот процесінің үкімімен алаш зиялылары – Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Жақанша Досмұхамедов т.б., бастаған Алаш қозғалысы басшыларының екінші тобы бес жылдық мерзімге Ресейдің Орталық Қара топырақты облысына (қазіргі Воронеж облысына) жер аударылады. ОГПУ-дың осы екі үкімі құрбандарының тірі қалып елге оралғандары 1937-1938 жылдары түгелге дерлік «халық жауы» деген жалған айыппен ату жазасына кесілді... [5, 13 б.].

Сондықтан да Алаш туралы шындық айтылмайтын болды да, бұл тақырып ресми түрде «жабылды». Осының салдарынан 60 жылдай уақыт бойы (30-шы жылдардың ортасынан 80-ші жылдардың соңына дейін) біздің ғылыми және саяси әдебиетте, жекелеген көркем шығармаларда мәселенің байыбына бармай, шындыққа сай келмейтін алаш қозғалысын жаппай қаралайтын, оның жетекшілерін «буржуазияшыл ұлтшылдар», «халық жаулары» деген жаңсақ жалған пікірлер жазылып, әртүрлі мінбелерден негізсіз сөздер айтылып келді [5, 13 б.], деп жазды.

Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін К.Н. Нұрпейісұлы ұлттық тарихымыздың «ақтаңдақ» болып келген беттеріне, оның ішінде Алаш қозғалысын жан-жақты қарастыруды қолға алды. Ғалым өз зерттеулерінде бастапқы кезеңде Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметіне қатысты тарихын Алаш қозғалысын деректемелік негізін төрт топқа бөліп қарастырды:

1. 20-30 жылдарда жеке жинақтарда жарияланған деректер;
2. 1913-1918 жылдарда қазақ ұлттық баспасөзінде жарық көрген деректемелік мағлұматтар;
3. Қазақстанның, Ресейдің, Америка Құрама Штаттарының, Францияның, Түркияның т.б. елдердің мұрағаттары мен ғылыми орталық әмбебап кітапханаларында сақталған деректер;
4. Алаш қозғалысының Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы сияқты жетекші қайраткерлерінің жеке мұрағаттары мен жарияланған еңбектерінде кездесетін деректерге бөлген [5, 30 б.].

Алаштық қозғалыстың тарихына байланысты алғашқы пікірлер кеңестік баспасөзде 1919-1920 жылдардың өзінде жариялана бастаған еді. Осы тақырыпқа алғашқы қалам тартқандардың бастау көзінде Алаш пен Алашорданың белгілі басшыларының бірі Ахмет

Байтұрсынұлымен қазақ зиялылары қатарынан шыққан алғашқы большевиктердің бірі Сәкен Сейфуллиннің тұрғаны айтылады [5, 13 б.].

1919 жылғы тамызда Ахмет Байтұрсынұлы РСФСР ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының апталығында «Революция және қазақтар» атты мақала жариялайды. Осы шағын көлемді еңбегінде Ахмет Байтұрсынов Алаш автономиясы мен Алашорданың пайда болу себептерін өз пайымдауынша түсіндіреді. Сонымен қатар ол 1917 жылы қазақ қауымы большевизмді қабылдауға дайын емес еді, деген тұжырым жасайды. «Қазақтарға февраль революциясы қаншалықты түсінікті болса, деп жазды А. Байтұрсынұлы, – Қазан Социалистік революциясы соншалықты түсініксіз болды». Мұның себебін А. Байтұрсынұлы: «Екіншінің (қазан рев.) түсініксіз болуын оп-оңай ұғынуға болады: қазақтарда капитализм де, таптық жіктеу де жоқ; тіпті жеке меншіктің өзін басқа халықтардағыдай айдар тағып ажырату қиын; көптеген пайдалану бұйымдары оларда қауымдық дәулет болып саналады... Қазақтардың күн көріс жағдайында, таптық жіктеудің жоқтығында, жеке меншікті заттарда белгілі меже болмауына байланысты қазақтар арасында олардың өздеріне тән социализм мен коммунизмнің орын алуы қазақ халқына әзірше социалистік қоғамға деген мұқтаждықты қажет еттірмей отыр» [5, 14 б.] деген тұжырымы автордың еңбегінде нақты талданған.

«Алаш» партиясы халықтың келешек тағдырын анықтауға тікелей қатынасы бар жалпыұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойып, оларды шешу жолында айтарлықтай қызмет атқарды. Бұл ең алдымен партия бағдарламасының жобасын дайындаудан, қазақ қауымынан Құрылтай жиналысына депутаттар ұсынып, оларды сайлау ісіне қажырлықпен ат салысудан аса айқын көрінді. Бұл әрекеттің барлығы 1917 жылдың екінші жартысында жасалынды. 1917 жылғы шілде айынан бастап «Алаш» партиясы сол кездегі мүмкіндіктер аясында саяси күреске белсене құтқару мен буржуазиялық үлгідегі оның мемлекеттілігіне қол жеткізу. Басқа сөзбен айтқанда, «Алаш» партиясы сан ғасырлар бойы Ресей империясының отары болып келген Қазақстанды тар шеңбердегі таптық тұрғыда емес, керісінше жалпы ұлттық мақсат-мүдделер негізінде дербес ел етуге ұмтылды. Міне, осы мәселелерді ғалым өзінің зерттеулерінде мұрағат деректерімен дәйектейді.

Ғалым «Алаш партиясы шын мәніндегі партия болды ма?» деген сұраққа: «Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен саяси партия дегеннің не екенін, оның тарихи дамудың қай кезеңінде, қандай жағдайда пайда болатынын, оған қандай негізгі ерекшеліктер тән екендігін еске түсіре кеткеннің артықтығы жоқ», екендігін алға тарта отырып, «Әлемдік қоғамның даму тәжірибесі көрсеткендей, саяси партиялардың пайда болуы мен дамуы қоғамның таптарға бөлінуіне тікелей байланысты. Ең алдымен саяси партия дегеніміз таптық немесе оның белгілі бір бөлігінің мақсат-мүдделерін білдіреді және өз қатарына солардың барынша белсенді өкілдерін біріктіреді. Партия саяси ұйым ретінде өзінің әлеуметтік негізін құрайтын белгілі бір таптың немесе оның белгілі бір бөлігінің мақсат-мүдделерін жүзеге асыру үшін күреседі. Әрбір қалыптасқан саяси партияның таяу кезеңдегі және перспективадағы мақсаттарын айқындайтын программасы және оның ұйымдық құрылымы мен нақты іс-қимылын белгілейтін Уставы болады» [5, 70 б.] – деген нақты жауап береді.

XX ғасырдың бас кезінен өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына буржуазиялық-демократиялық мақсат-міндеттерді: ұлттың тең құқықтығы, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру сияқты міндеттерді қойды. Бұл істің басы-қасында қазақтың ат төбеліндей аз ғана тұңғыш интеллигенттері болды. Олардың бір бөлігі бірінші орыс революциясының әсерімен және елдің орталық аудандарында, сондай-ақ кейбір ұлт аймақтарында көптеп құрыла бастаған әртүрлі бағыттағы саяси партиялардың ықпалымен қазақ қауымының әлеуметтік топтарының мүддесін білдіретін саяси ұйымдар құруға және өлкедегі буржуазиялық-демократиялық сипаттағы қоғамдық қозғалысты басқаруға талпынды. Бұл жөнінде автор 1910 жылы Петербург қаласында А.И. Костелянскийдің редакциясымен жарық көрген «Формы национального движения в современных государствах» деген кітапқа Әлихан Бөкейханұлының «Қырғыздар» атты еңбегінен мысал келтіреді: «Қырғыз халқының арасында саяси партиялар әзірге пайда бола қойған жоқ...

орыстандыру саясатының ауыртпалығын көтерген басқа шет аймақтардың халықтарындай, қазақ халқы да үкіметке қарсы пікірде және орыстың оппозициялық партияларына көңіл қояды. Жақын болашақта... қырғыздар арасында қалыптасып келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі саяси партия құрылуы мүмкін. Оның бірі ұлттық-діни бағытта деп атауға болар, ал оның мақсаты қырғыздарды (қазақтарды) басқа мұсылмандармен біріктіру болмақ. Екіншісі, қырғыз даласының келешегі кең мағынадағы батыс мәдениетін енгізуге байланысты деп есептейтін бағыт. Бірінші бағыт – мұсылман-татар партияларын үлгі тұтар, екіншісі – оппозициядағы орыс партияларын, атап айтқанда, халық бостандығы партиясын үлгі етпек». Осы үзіндіден анық көрініп отырғандай, ХХ ғасырдың алғашқы он жылдығында Ә. Бөкейханов пен оның пікірлестері қазақтың «ұлттық» партиясын әуел баста патша үкіметіне оппозицияда болған либералдық орыс буржуазиясының партиясы – кадеттердің үлгісінде құруға бейім тұрғандығын аңғару қиын емес. Сондықтан да 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін құрылған Алаш партиясының идеялық бастау көздерін бірінші орыс революциясы кезеңінен іздеген жөн» [7, 69-75 бб.], – дейді.

Революцияға дейінгі қазақ интеллигенциясын олардың кәсіби мамандығы бойынша бірнеше топқа бөлуге болады. Бұлар: отарлы қазақ өлкесінің басқару аппаратында әртүрлі жұмысты атқарған чиновниктер, денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері, журналистика, оқу-ағарту және мәдениет саласында еңбек еткендер және сан жағынан басқа топтардағыдан аз болған инженер-техник қызметкерлер болды.

Қазақ интеллигенттерінің алғашқы тобының басым көпшілігі әмбебап мамандар еді: олар ғылыми жұмыспен де, оқу-ағарту ісімен де, көркем творчествомен де қатар айналысты. Басқа сөзбен айтқанда, олар сол кездегі қазақ қауымының рухани сұраныстарына мүмкіндігінше толық жауап беруге ат салысты. «Айқап» журналын және «Қазақ» газетін шығару арқылы олар халықты оқуға, мәдениетке, көшпелі шаруаларды отырықшылдыққа шақыруда, шаруашылықты жүргізудің прогрестік формаларын, әйел теңдігін насихаттауда патша үкіметі тарапынан жүргізіліп отырған отаршылдық саясатқа қарсы пікір қалыптастыруда айтарлықтай істер тындырғандығы ғалымның зерттеулерінде байыпты жазылған. Сонымен қатар, профессор Кеңес Нұрпейісұлы әлеуметтік тегі әрқелкі қазақ интеллигенциясының революцияға дейінгі идеялық-саяси көзқарастарына да айырмашылықтар болғандығын және олардың консервативтік бөлігі негізінен біртіндеп «Қазақ» газетінің төңірегінде топтасып, кейін Алаш партиясының ұйытқысы болса, қалған бөлігі Мұхамеджан Сералин басқарған «Айқап» журналының төңірегінде топтасқандығын атап өтеді [5, 44 б.].

Ғалым қазақ интеллигенттерінің Петербургтың, Тарту мен Варшаваның, Мәскеудің, Қазан, Уфа, Ташкент пен Омбы, Томск университеттері мен институттарында, т.б. қалалардағы арнаулы, орта білім беретін оқу орындарында білім алғандығын. Жекелеген қазақ жастарының Түркия мен Мысыр сияқты елдердің мұсылмандық жоғарғы мектептерінде оқығандығын айта отырып, бір-біріне ұқсамайтын екі ортада білім алған қазақ зиялылары арасында қоғамдық-саяси ойдың екі бағытының – батыстық және шығыстық қалыптасуына негіз болғандығына көңіл бөледі.

Алаш тарихының мәселесін қазіргі таңда көптеген тарихшы ғалымдар да жазушылар да зерттеп жүрген қызықты да күрделі тақырып. Себебі К. Нұрпейісұлы бұл мәселе төңірегінде қазақстандық тарихшылар мен зерттеушілердің пікірлерін өзара салыстырып қарастырғандығынан анық көрінеді.

Жекелеген зерттеушілер Алаш қозғалысына баға беру үшін алдымен, оның көш бастаушыларының кімдер болғандығын анықтау осы тақырыпты ғылыми тұрғыдан игеруге шешуші түрде ықпал жасайды деп есептейді. Олар осы кезге дейін Алаш қозғалысының көсемдеріне «буржуазиялық ұлтшылдар», «буржуазиялық либералдар», «қазақ ұлтшылдары» деген анықтамалар беру алаштық зиялылардың және олар басқарған саяси қозғалыстың қоғамдық дамудағы алатын орнына сәйкес емес деп есептейді. Академик М. Қозыбаев Алашқа либералды ұлттық зиялылар партиясы деген анықтама бере отырып, оның

идеологиясы отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлтшылдық болды [8, 235 б.], деген қорытынды жасайды.

XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт зиялыларының қалыптасуы, Алаш қозғалысы ғылымда тың деректермен тыйым салынған жариялыққа ие болуына байланысты жаңа қырынан зерттеліп, белгілі алаштанушы ғалымдар – М. Қойгелдиевтың, Д. Аманжоловалар Алаш қозғалысы тарихына арналған еңбектерін жариялады. Зерттеуші ғалымдар «ұлт көшбасшылары болған Алаш зиялылары қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланысты еді, шын мәніндегі рухани ренессанстың ұйтқысы болатын. Олар ұлттық нәрсенің бәрін қызғыштай қорыды, діни фанатизмге, ұлтшылдық, нәсілшілдік және өзге де соқыр сенімдерге ұрынбады» деген қорытынды пікір түйіндеді. Жалпы ғылымда Алаш қозғалысына байланысты тиянақты шаралар атқарылды. Мәселенің деректері де талданып, бұрын жарияланбаған мұрағат құжаттары және өзге де материалдар жинақтар түрінде жарық көруде.

Қазақстан тарихы ғылымында алғашқылардың бірі болып күрделі тақырыпқа ден қойған, осы саяси-теориялық мәселені анықтауға өзінің сүбелі үлесін қосқан талантты тарихшы, ғылым докторы Мәмбет Қойгелдиев Алаш партиясы туралы: «Алаш партиясынан басқа Алаш автономиясы – халық кеңесі үкіметі сияқты ұғымдар бар. Егер жинақтап айтсақ, Алаш автономиясы және Алашорда үкіметі бірігіп, Алаш қозғалысы дегенді білдіреді. Ал, Алаш қозғалысы деген ұғым әрине, ұлт-азаттық қозғалысы дегеннің баламасы», деген пікір айтып, Алаш қозғалысының мәні мен саяси құрылымын жаңа, тапсыз және ұлттық концепция бағдарына сәйкес батыл анықтап берді.

Алаштанушы Мәмбет Қойгелдиев: Алаш интеллигенциясы капиталистік қоғам құруды немесе таза ұлттық мемлекет орнатуды өздеріне бағдарламалық мұрат етіп қойған емес. Олар негізінен екі мақсатты көздеді. Бірі – қазақ елін отарлық езгіден азат ету, екіншісі – қазақ қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу... Сондықтан да біздің алаштық интеллигенцияны ұлттық-демократиялық интеллигенция деп атауға толық негізіміз бар» [9, 2 б.], – деп атап өтеді.

Қорыта келе, айтпағымыз біріншіден, 1917-1937 жылдар аралығында алашшыл қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі – Алаш қозғалысы шеңберіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың шарықтау шегіне жеткен кезең болды деп түйіндеуімізге толық негіз бар. Екіншіден, бүгінгі таңда Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет болуы ғасыр басындағы қазақ зиялыларының саналы күресінің заңды нәтижесінің жемісі екендігі алаштанушы ғалымдардың тарихи еңбектерінде дәлелденген.

Әдебиет тізімі

1. Назарбаев, Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017 жыл. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>. 26.04.2017.
2. Назарбаев, Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
3. Мажитов, С.Ф. Алаш қозғалысы: үміт және ұлттық мүдде // Отан тарихы. Ш.Ш. Уалиханов атындағы тарих және этнология институты. – Алматы, 2008. – № 1814-696. – 5-15 бб.
4. Нұрпейісов, К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
5. Нұрпейісұлы, К. Алаш ақиқаты. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 424 б.
6. Нұрпейіс, К.Н. Алаш қозғалысы тарихының деректік негіздері // ҚР ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 1995. - №2. – 65-72 бб.
7. Нұрпейісов, К.Н. Саяси партия болып санала ма? // Қазақстан коммунисті. – 1990.- № 5. – 69-75 бб.
8. Нұрпейіс, К. Ұлы Октябрь тарихы – Ұлы тарих // Қазақ әдебиеті. – 1987, 13 қараша.
9. Омарбеков, Т. Алаш қозғалысы: Аңыз және Ақиқат // Егемен Қазақстан. – 1995, 10 маусым.
10. Қозыбаев, М. Тарих зердесі. – Алматы: Ғалым, 1998. Т.2, – 375 б.
11. Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
12. Омарбеков, Т. Алаш қозғалысы: Аңыз және Ақиқат // Егемен Қазақстан. – 1995, 10 маусым.